

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі

Хаттама № 1

19. 01.2024ж.

Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажибекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директорының м.а А.Акмұлдаев және директордың ТІЖ орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы Х.А.Сарсенов
2. Білім беру ұйымының 2023-2024 оқу жылының ІІ жартыжылдығында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен танысу.
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысының м.а А.Акмұлдаев
3. Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар туралы ақпараттық мәліметтер алу және білім алушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу туралы
Жауапты: Білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова
4. Колледж жатақханасында орналасқан білім алушылардың тұрмыс жағдайын бақылау туралы
Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ешимов
5. Әр түрлі мәселелер

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған колледж басшысы мен кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жұмыс жоспарына оқу - тәрбие процесіне қатысты іс-шараларға қатысу, жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар туралы ақпараттық мәліметтер алып отыру және білім алушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу, колледж жатақханасында орналасқан білім алушылардың тұрмыс жағдайын үнемі қадағалауда ұстауды бақылау, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасқандығы жөнінде мәліметтер алу, бюджеттік қаражаттың жұмсалуды мен ашықтығының қамтылуын бақылап отыру, т.б. мәселелер енгізілгенін, кеңес отырысының жоспарына сәйкес, кеңестің кезекті отырыстары 2024 жылы қаңтар, мамыр, қазан айларында өткізу жоспарланғанын, осы отырыстарда Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстар талқыланып, білім беру ұйымы басшысының есебі тыңдалатынын айтып өтті.

ІІТыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана Д.Қалдыбаева: Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі білім алушылардың құқықтарының сақталуына ықпал етіп, білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу.

білім беру ұйымының қызметімен, сонымен қатар колледждің әлеуметтік педагогі мен педагог-психологінің қатысуымен білім беру ұйымындағы білім алушыларға жасалған жағдайлармен таныса отырып, жұмыстарды бірлесе атқару керектігіне тоқталып өтті және 2023 жылға арналған жұмыс жоспарында оқу-тәрбие процесіне қатысты барлық мәселелер толық қамтылғанын айтып өтті.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Х.А.Сарсеновтың 2024 жылға арналған жұмыс жоспары таныстырылып, бекітуге ұсынылды.

Қарсы – жоқ

Қалыс – жоқ

Ұсыныс қабылданды.

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша колледж директорының м.а А.Ақмулдаев колледждің жұмыс жоспарына сәйкес 2024 жылы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыт-бағдарларымен таныстырып өтті.

2023-2024 оқу жылының бірыңғай жұмыс жоспарына сәйкес, қаңтардың 16-23 аралығында арнайы пән оқытушылары мен өндіріс шеберлерінің арасында «Кәсіби шебер – 2024» байқауы өткізіліп, өз мәресіне жеткендігін, жалпы байқау теориялық тұрғыда - тест тапсырмасынан өту және практика жүзінде шеберлік дағдысын көрсету талабынан тұратынын, өткен жылдарға қарағанда арнайы пән оқытушыларының практикалық тұрғыдан шеберліктерін көрсету дәрежесі жоғарылағанын, оқытушылардың білім, білік дағдысын жетілдіруде байқаудың маңыздылығы өте зор екенін айтып өтті.

Сонымен қатар қаңтар айында әдістемелік кеңестің кезекті мәжілісін өткізу, ақпан айының соңында ата-аналар жиналысын, қыздар кеңесін өткізу жоспарланып отырғанын айтты. Сәуір айында «Дуальді оқытудағы кәсіпорындардың ролі» тақырыбында дөңгелек үстел, студенттер арасында «Кәсіп үздігі», «Жылдың үздік оқытушысы», «Спорт» және пән бойынша жүргізілетін үйірме жұмыстарының нәтижесінде апталық, циклдік комиссиялардың декадасы, тәрбие бағыты бойынша «Патриоттық әндер» байқауы мен «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» байқаулары өткізілетінін айтты. Сондай-ақ колледж жатақханасында да тәрбие бағытында жоспарға сәйкес іс-шаралардың үздіксіз ұйымдастырылатынына тоқталды.

Бітіруші топтарға қорытынды аттестация форматы өзгертілгенін, биылғы бітірушілер ауызша мемлекеттік емтихан тапсыратынын, яғни теориялық бағытта 2 сұрақ, практика жүзінде 1 тапсырма орындайтынын айтып өтті. Алда үнемделген қаржы есебінен спорт залы, оның ішіндегі оқытушылар бөлмесі, ұлдар мен қыздардың киім ауыстыратын бөлмелерінде және оқу-өндірістік практикадан өткізу аймағы, яғни гараж кешенінде де жылу жүйесін ретке келтіру, теннис орталығы құрылысын аяқтау, т.б. жұмыстарды жүргізу жоспарланып отырғанын айтты.

3.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі келесі мәселе - Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар туралы ақпараттық мәліметтер алу және білім алушылардың құқықтарының сақталуы туралы колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, төмендегі мәліметтермен арнайы слайд арқылы таныстырып өтті.

Көп балалы отбасынан шыққандар	516 оқушы
Аз қамтылған және толық емес отбасының шыққандар	52 оқушы
Жетім балалар	21 оқушы
Қамқоршысы бар	19 оқушы
Жас өспірімдер үйінде	2 оқушы
Барлығы	589 оқушы

Жетім балаларға	көлемі
Ыстық тамаққа күндігіне(тұл жетім)	1983,07 тенге
Ыстық тамаққа күндігіне	793,23 тенге
Қыстық киіміне	95559 тенге
Киім-кешек бітіруші жетімдерге	246995 тенге
Бітіруші түлектерге жәрдем ақы	4 МРП 12252 тенге

4.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ешимов колледж жатақханасында орналасқан білім алушылардың тұрмыс жағдайы туралы мәлімет беріп өтті. Күрделі жөндеуден өтіп, толықтай заманауи үлгіде жабдықталған 106 орындық колледж жатақханасы өз жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп отырғанын, бүгінде жатақханадағы 106 орынға түгелдей білім алушылар орналастырылғанын, негізінен жатақханаға бірінші кезекте – әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан білім алушылар; екіншіден – алыс аудандардан келген білім алушылар орналастырылатынын, жатақханада білім алушылар, яғни студенттер үшін: сабақ оқуға, спортпен шұғылдануға, түрлі тақырыптық іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ, демалуға және тамақтануға арналған арнайы орындар жасақталғанын, жатақханада колледж оқытушылары, арнайы кестеге сәйкес кезекшілік өткізіп, студенттердің күнделікті тұрмыс-тіршілігімен етене танысып, пікір алысып, тыныс-тіршілігін бақылауда ұстайтынын, сонымен қатар жастар комитетінің төрағасы, колледж психологы жатақханадағы білім алушылармен тығыз байланыста болып, үздіксіз жұмыс жүргізіп отыратынын, колледж жатақханасы туралы толық мәлімет колледж сайтына жүктелгенін, бос орындар болған жағдайда, кезекте тұрған білім алушы өз өтінішімен жатақханаға орналаса алатынын, білім алушылар жатақханада өздерін өз үйіндей еркін және қамқорлықта екендіктерін сезінуге барлық мүмкіндік жасалғанын айтты.

5.Тыңдалды:








Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты және білім беру ұйымының алда атқаратын жұмыстарын жоғары деңгейде талапқа сай өткізетіндіктеріне сенімін білдірді.

Шешім:


1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.

2. Білім беру ұйымы басшысы мен оқу ісі жөніндегі орынбасарының жасаған баяндамалары ескерілсін.
3. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
4. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Байзахова Сабира Мұратқызы 
2. Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы 
3. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы
4. Баймұратов Мусирали Нуранбаевич 
5. Қалдыбаева Динара Жусуповна 
6. Дабылова Марал Алдабергенқызы 
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна 
8. Аширова Камшат Шекербековна 

Отырыс төрағасы



Х.Сарсенов

Хатшы:



Г.Тажобекова